

Ясауи университеті

yasaui.gazeti@ayu.edu.kz

университеттегі студенттерінің үні

№8-9 (586) 12 маусым 2025 жыл

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Жуырда қаламызда «Түркі еркениетінің ескерткіштері: зерттеу, сақтау және реставрациялау өдістері» атты II Халықаралық симпозиум үйімдастырылды. Айтулы жиын аясында университеттімізде қос бірдей рухани-тарихи маңызға ие тағылымды іс-шара өтті. Соның бірі – «Тіл – ізгіліктің бастауы» көрмесінің ашылуы.

Түркі әлемінің ортақ мұрасы – Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің 950 жылдығына арналған көрменің ашылу салтанатына еліміз бен шетелден келген қадірлі қонақтар, ғалымдар мән зиялы қауым өкілдері қатысты.

Түркі тілінің байлығын, тарихи сабактастырын және мәдени мұрасын тереңінен сипаттаған көрмеде сөз бастаған ректор Жанар Темірбекова : «Қайырлы күн, күрметті әріптер мен қадірменді қонақтар! Бүгін оқу ордамызда ете маңызды іс-шара бастау алғанына қуаныштымыз! Осындай күнде

жанымыздан табылған бауырлас елдердің өкілдеріне де алғыс білдіреміз!», деді.

«Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі – тек қана сөздік емес, түркі тілі мәдениетінің әлемдегі орны, айнасына айналған дүние. Әрі, түркі тілінің байлығын дүниежүзіне танытқан туынды болды», – деді Түркия Республикасының Түркістандағы Бас консулы Илкер Пак.

Халықаралық «Түрк мәдениеті мен мұрасы» қорының басшысы Ақтоты Райымқұлова: «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының атынан университет ректоры Жанар Темірбековаға ризашылдырымызды білдіреміз! Себебі, біздің бабамыз, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты әлемдік мәртебеге ие, түркі әлемі туралы энциклопедиясының 950 жылдығына арналған көрмені оқу орда төрінде өткізуге рұқсат берді. Осы тұста, біріге жұмыс істеп,

қолдау көрсеткен оқу орда басшылары мен қызметкерлеріне тағы да алғыс айтамын!» – деді.

Келесі кезекте, көрермен қауымыңың жүргінен орын алған – «Мың заман – бір Түркістан» спектаклі сахна төрінде қайта қойылды. Қорқыт ата, Томирис патшайым, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Абайдан бастап, Алаш зиялыштарының қазақ халқы үшін жүріп өткен тарихи жолы көрсетілді. Қыын күндерге қарамастан, татулығын сақтаған түркі халықтарының мызығын бірлігі, қайсар мінезі сомдалды.

Жиын соңында спектакль тағы да жоғары бағаланып, қонақтар алған әсерлерімен белісті. Түркі халықтарының даналары, ойшылдары мен қоғам қайраткерлері арқылы рухани және тарихи мұраны арқау өткен музикалық қойылым соңында көрермен тік тұрып, қошемет көрсетті.

«Ясауи –ақпарат».

«ҒАЛЫМНАН ЗЕКЕТ – ФЫЛЫМНАН БЕРЕКЕТ»

Жуырда университетіміздің Мәдениет Орталығының Кіші заңында тарих ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы Хазретөлі Маханұлы Тұрсұнның 65 жасқа толуына орай «Ғалымнан зекет – ғылымнан берекет» атты мәдени-көпшілік іс-шара өтті.

Жынга университеттің оқытушы-профессорлары, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мамандығында оқытын білім алушылары, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық-мұражайының қызыметкерлері, облыстық, қала-лық қоғамдық, шығармашылық үйімдердің өкілдері қатысты.

Іс-шараның мақсаты – университет кітапханасына ғалымның жеке кітапхана қорынан ғылымды насиҳаттау мақсатында арнайы ғылыми, әдеби кітаптарды сыйлау, әрі ғалымның атсалысымен жарыққа шыққан жаңа кітаптардың таныстырылымын өткізу.

Тағлымды жында модераторлық қызыметті «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық-мұражайының ғылыми қызыметкері Берік Байболов жүргізді. Ахмет Ясауи университетінің вице-ректоры Еділ Төлегенов құттықтау сөз сөйлеп жиынды ашып берді. Сонымен қатар, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы PhD, доцент Элия Құралбаева, университет ғалымдары Жолсегитова Мағрипа, профессорлар Б.Сердәлі, М.Қожа, ақын Айдар Сейдазым, Орталық ғылыми кітапханасының директоры Ақмеруерт Әбсеметова сөз сөйлеп, пікір білдірді.

Іс-шараның маңызды бөлімі «Ғалымнан зекет» - Профессор Хазретөлі Тұрсұнның 65 жылдығына орай жарық көрген соңғы кітаптарының таныстырылымына үласты. Таныстырылымда мына төмөндегі кітаптар:

1. Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша



материалдар. Т.ВII. Алаш Орданың Оңтүстік бөлімі. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастыруышылар: Х.Тұрсұн, Р.Хазретөлікізы, Р.А.Арсланзода / Жалпы редакциясын басқарған Е.А:Әбіл. –Алматы: «Нұр», 2024. -432 б.

2. Тұрсұн Х.М. Түркістан зияяларының мәдени мұрасы (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың алғашқы ширегі). Монография. – Алматы:, 2024. -120 б.

3. Тұрсұн Х.М., Исаев М.С., Тұяқбаев Қ.М., Тастанбеков М.М., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т., Қазақстанның рухани жер асты мешіттерінің тарихы мен қызыметі. Монография. –Алматы: «Арыс» баспасы. 2023 жыл.

4. Қазақстандағы рухани же-расты мешіттері. Анықтамалық жинақ. (Құрастыруышылар: Тұрсұн Х.М., Тастанбеков М.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т.) – Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2022.

5. Қожықов Қ. Шығармалары. Баспаға дайындағандар: Х.Тұрсұн, С.Қ.Қожықова, Хакан АС. -Алматы: «Арыс» баспасы, 2023. – 366 б.

6. Қоңырқожа Қожықов –

ұлттық элитаның көрнекті өкілі (Баспаға дайындағандар: Х.Тұрсұн, С.Қ.Қожықова, Хакан АС.) -Алматы: «Арыс» баспасы, 2024. – 304 б.

7. Сералы Лапин: Шығармалары. Зерттеулер. Баспаға дайындағандар: Х.Тұрсұн, Г.Батырбекқызы, С.Ходжикова. – Түркістан. Тұран баспасы.2024. -2526. жүртшылықтың назарына ұсынылды.

Жиынның екінші бөлімі «Фылымнан берекет» - «65 бес жылдықта Ясауи кітапханасына 65 кітап сый» таныстырылымы деген айдармен өтті.

Профессор, алаштанушы ғалым Хазретөлі Тұрсұн өзінің мерейлі жасын, айтулы белесін осындағы тағлымды шарамен түйіндеп, өз атынан кітапхана қорына 65 кітапты сыйлады. Сыйға тартылған кітаптардың барлығы дерлік құнды, ғылым жолын таңдаған жастағарға баға жетпес қазына деуге болады.

Кітапхана директоры Ақмеруерт ханым ғалымның көпке үлгі боларлық бұл сауапты да тағлымды қадамы үшін өз ризашылығын білдірді.

Өз тілшімізден.

ҚОНАҚЖАУ «ЯССЫ»

Ахмет Ясауи университетінен қарасты бірнеше нысандар, ғимараттар аз емес. Соңардың бірі – «Яссы» қонақүйі. Туристер мен мамандар үшін қолжетімді орынның атқарған жұмыстары ауқымды.

– Қонақ үйдің жалпы мақсаты – келген меймандарды жоғары деңгейде күтіп алу. Қаламызды «Яссы» қонақүйінің мәртебесі ерекше. Мұнда келген әрбір қонақ әрдайым разылығын білдіріп жатады. Соған орай біз олардың алдағы уақытта тағы да келуіне себеп бола аламыз- дейді қонақүй директоры Бекзат Мамуров.

Іе, 2018 жылдан бері өз қонақтарын қабылдай бастаған отель туризм нарында бүгінде қарқынды жұмыс істеуде. Тауадағана жөндеу жұмыстары өткен қонақүйдің қызметінің белсенділігі жоғары. Б. Мамуровтың айтудынша, университетпен тығызыз байланыстың арқасында отельдің сенімділігі артқан.

«Қонақүй университеттіңдеңегі екі елдің ынтымақтастыры аясында өтіп жатқан көптеген симпозиум мен конференцияларға қатысушы меймандарды жи қабылдайды. Үтқырылықпен білім алуға келетін білімгерлер де келіп жатады. Одан бөлек әрине, біздің түрлі туристік компаниялармен қарым-қатынасымыз бар. Сол арқылы Түркістан қаласының тарихымен танысқысы келетін туристер де жи келеді. Ал енді, қызмет хаттан есептер болсақ, айна 250-300 шамасында қонақ келіп тұрақтайды. Олардың көпшілігі туристер. Мемлекеттер арасында Туркия елінен көптеген турист қонақүй табандырығын аттайды. Тіпті Америкадан да келетін мамандар болған. Олар университеттіңдеңде дәріс беріп, өз мастер-кластарын өткізіп жатады» – дейді Б. Мамуров.

Қаланың дәл ортасында орналасқан қонақүйдің қауіпсіздік деңгейі жоғары. Толық бейнебақылау жүйелерімен қамтылған отельдің қабылдау бөлімі секілді орындары белсенді қызмет атқарады. Ал



қонақтар тарарапынан шағымдар болған жағдайда сол тұста әрекет етіп, дереве шешүге тырысады. Қонақүй тағамдарына келсек, университеттегі орталық асхананың режиміне сәйкес бекітілген. Отельдің ас мәзірі дәл сол орталық асхана тағамдарымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, қонақүйде жылына бір рет «Туризм» кафедрасының студенттері келіп практикадан өтіп, өз тәжірибелерін шындағы алады.

Қабылдау бөлімі, ресторан бизнесі сынында т.б қызметтерде студенттер арнайы тәжірибеден өтеді. Осы орайда қонақүй директоры арнайы женілдіктер жайында да айта өтті.

– Жалпы «Яссы» қонақүй өзіміздің университетке қарасты болғандықтан бізде келісімшарт өлі жасалған жок. Бірақ алдағы 2025-2026 оқу жылында қонақүймен келісімшарт жасау ойда бар. Десе де, кафедрамызың Алматы, Астана, Тараз сынында қалалардағы бірқатар қонақүйлермен келісімшарттары бар. Ал Түркістан облысы туризм бізде Түркістан облысы туризм басқармасы, «Отырар мемлекеттік-археологиялық қорық музейі», Edem қонақүйі, Turkistan Silkway сияқты қонақүйлер жөнде қызмет көрсету орындарымен келісімшарт бар. «Яссы» отеліне келсек, бізде студенттердің қызығушылығы да ескеріледі. Студенттердің таңдау құқығын ескереміз. Қызығушылық білдірген студенттер «Яссыдан» тәжірибеден өтіп жүр. Өз басым «Яссы» қонақүйінің инфрақұрылымы жөнде сондағы мамандардың қалай жұмыс атқарып жатқанымен

толық таныс емеспін. Дегенмен біз өз студенттерімізді сабак барысында немесе сабақтан соң «Яссы» отельге қонақтар келген жағдайда, оларға қызмет көрсету үшін, студенттерді тәжірибеден өту үшін жіберіп тұрамыз. Сондай-ақ, мамандар қажет болса олар да бізге арнайы сұраныс хаттеп шыға алады - деді «Туризм» кафедрасының менгерушісі Алмас Құралбаев.

Әңгіме барысында «Яссы» қонақүйінің директоры арнайы женілдіктер жайында да айта өтті.

«Университеттің профессор үстаздары мен үтқырылықпен келген білімгерлер және мамандар үшін қонақүйімізде женілдіктер бар. Атап айттар болсақ, қонақүйдің тиісті бағасынан 30% женілдік қарастырылған» деді ол.

Түркістан қаласына іссапармен, қыдыруға және демалуға келетін жандар жетерлік. Олардың бірқатары Яссы қонақүйінде тұрақтатуды жөн көреді. Келуші қонақтардың да айттары бар екен.

«Біз Туркияның Анкара қаласынан достарымызбен келдік. Ең алдымен Түркістан қаласының қонақжайлышына бас иемін. Мұнда көптеген үлт өкілдерін көріп қуанып отырмыз. Бүгін қаладағы үшінші күніміз, тіпті жаңа достар таба алдық. Қонақүйдің де атмосферасы ерекше. Ахмет Ясауи кесенесін күн сайын терезеден қарап отырамыз. Бұл жер расыменде тарихи мекен» - дейді қонақүй тұрғыны Эшреф Иылдырым.

Қазақстан мен Туркия мемлекеттерінің қаржыландыруы арқылы «Яссы» қонақүйінің алдағы болашағы зор дей аламыз. Отельдің қонақтар үшін маңызы жоғары. Университеттің қарқынды жұмыстары арқасында қонақүйдің де әлеуеті артып келеді. «Яссы» қонақүйі – мейманостық пен қала еркениеті үшін таптырмас үлгі.

Нұрдәулет Кәрібай,
3 курс студенті.

•Студенттік қоғам

СТУДЕНТТИК ПАРЛАМЕНТ – ЕРТЕҢГЕ ЖАУАПТЫ ЖАСТАРДЫҢ МІНБЕРІ

Кез келген қоғамның жаңаруы – оның жастарының белсенділігімен өлшенеді. Университет қабырғасында білім алып жүрген жастар – болашақ көшбасшылар. Бірақ олардың үнін кім естиді? Арыз-шағымы қайда жетеді? Осы орайда студенттер мұддесін қорғайтын құрылым – студенттік парламент жұмысына үніліп көрдік. Біздің мақсат – жастар мен басшылық арасындағы байланысты зерттеу, өзгерістердің шынайылығына көз жеткізу.

Белсенділік – сөзде емес, істе. «Студенттер үні шынымен естіле ме?» деген сауалға жауапты біз университетіміздің студенттік парламент президенті Серікбаев Ахмет Сұлтанбекұлынан алдық.

– Эрине, әр арыз-шағымның бірден шешілуі мүмкін емес. Бірақ елдегі жастар саясатының қүшесін, «Жастар үні» секілді



платформалардың пайда болуы, студенттік парламент пен кеңестердің жұмыс істеуі – студенттердің дауысының естіліп, еленіп жатқанын дәлелдейді және бұл сөздің де айғағы бар, – дейді парламент президенті.

ҚР Фылым және Жоғары білім министрлігі жаңынан құрылған

Студенттік омбудсмендер институты – жастардың құқығын қорғауда маңызды рөл атқарып отыр. Университетте де осындағы омбудсмендер студент пен басшылық арасындағы ғалтын көпір іспетті. Олар арқылы әр үсінің пен арыз нақты орынға жетіп, назарға алынады. Жыл басында бекітілетін жоспарлар мен министрліктен келіп түсетін қосымша тапсырмалар аясында 80%-дан аса іс-шаралар мен бастамалар жүзеге асып отырады. Жур-

гізілген әр жұмысқа байланысты есептер өлеуметтік желілерде жарияланып, ашықтық қағидаты сақталады.

Шешімін тапқан нақты мәселелерге тоқталсақ. Студенттік парламенттің тікелей араласуымен бірнеше күрделі мәселе шешімін тапқан. Мысалы:

№3 жатақханаға таза ауыз су мен ыстық су тартылды; №2 жатақхана толық жөндеуден өтті; №3 оқуғимаратындағы «Белсенділер қабырғасы» жаңартылып, қазіргі студенттердің суреттері орнатылайын деп жатыр екен. Бұл да жастар бастамасымен жасалған ігі іс деп танимыз. Міне, осы нәтижелердің барлығы – студенттердің үнін тыңдалап, нақты қадамға барудың жемісі.

Студенттік парламент жұмысы жүйелі әрі жауапты. Әр айда сенат отырысы өтіп, 6 негізгі бағыт бойынша есеп беріледі: 1.Шаңырақ клубтар координациясы; 2.Студенттік аппарат басшысы – 9 факультеттің жұмысын үйлестіреді; Студенттік үкімет басшысы; 4.Амбассадорлар кураторы – университеттің танымалдығын арттырумен айналысады; 5.Түркі өлемі төрағасы – түркі елдерінен келген



студенттермен байланысты нығайтады. 6.Әлеуметтік бағыт – студенттердің түрмис-тіршілігі мен әлеуметтік мәселелерін қадағалайды. Осы 6 топ өкілі ай сайын кезекпен өздеріне қарасты жұмысқа есеп беріп отырады.

Университет басшылығы – ректордан бастап, вице-ректор мен жастар саясаты департаментіне дейін – студенттік бастамаларды толықтай қолдайды. Әрбір шара, жоба, жоспарлы жұмыс жоғары деңгейде бекітіліп, мақұлданып отырады. Бұл – жастарға сенім артылып отырағының дәлелі.

Студенттік бастамалардың

Әр студент өз кандидатурасын ұсына алады. Арнайы үгіт-насиҳат жүргізіп, бағдарламасымен таныстырады. Дауыс беру – әр студенттің еркіне берілген құқық. Шын көшбасшыны студенттің өзі таңдай алатыны анық.

“Біз жай ғана парақша жүргізіп қоймаймыз. Әр посттың артында еңбек, әр ақпараттың артында сенім бар. Біз – университеттің бет-бейнесіміз. Амбассадор ретінде студент пен университет арасындағы сенімді көпірге айналдық,” – дейді Бақытжан Аруjan. Ол – Студенттік парламенттің, маркетинг бөлімінен жауапты белсенді, амбассадор



тердің көптігі, ұлттық мәдениеттердің тоғысуы – университеттің ерекше құндылығы», деп жауап берді

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университетінің Студенттік парламенті – бұл тек атау емес, шын мәнінде жастардың үні естілетін, бастамасы бағаланатын, пікірі мен ұсынысы іске асатын орта. Студенттік парламент – еріктілер ғана емес, ертеңге жауапты жастардың алаңы. Мұнда тек әрекет бар. Нәтиже бар.

Президент Ахмет Сұлтанбекұлы мен белсенді Аруjan Үсенқызының еңбегі арқылы студенттік парламенттің нақты нәтижеге жұмыс істейтінін көріп отырымыз. Олар – бүгіннің белсендісі, ертеңнің көшбасшысы.

Бүгін студенттік парламенттің қабырғасында айтылған әр сөз – ертеңгі Қазақстанның іргетасын қалап жатыр. Бұл – сенім мен сенімділікке құрылған құрылым. Бұл – жастардың жалынын жандырып, рухын оятатын орта. Сол себепті әр студент белсенді болуға, өз ортасына бейжай қарамауға, «бәлкім мен де өзгерте аlam» деп сенуге тиіс.

Себебі бұл мінбер – барша белсендінікі. Ал белсенді болу – сенің де қолында!

Қарақат Сапарәлі,
3-курс студенті.



барлығы белгілі бір қаржылай қолдауды қажет етеді. Бұл ретте университет жыл сайын арнайы бюджет бекітіп, әр қаражатты есеппен жұмыс асаға мүмкіндік береді. Қаржылық есеп құжат түрінде дайындалып, бекітілген тәртіппен реттеледі. Қаражат көлемі жарияланбайды, алайда ол жұмыстардың тоқтамауына жеткілікті мәлшерде беріледі. Сонымен бірге университет басшылығы – ректордан бастап, жастар ісі департаментіне дейін – студенттерге үлкен қолдау білдіреді. Әр шара, әр ұсыныс тыңдалып, барынша жағдай жасалады.


Парламент мүшелері ашық және әділ сайлау арқылы іріктеледі. Бұл – демократиялық қағидатқа негізделген үдеріс.

кураторы.

«Басқа университеттерден артықшылықтары қандай?» деген сұрағымызға президент Серікбаев Ахмет Сұлтанұлынан тұшымды жауап алғандаймыз.

«Бұл университеттің өзгелерден басты ерекшелігі – Қазақстандағы алғашқы халықаралық мәртебе алған жоғары оқу орны. Бұл оқу орнының дипломы екі елде (Қазақстан мен Түркія) бірдей танылады. Бітіруші түлектің Түркияның дипломы арқылы 35 елде жұмыс істеуге мүмкіндігі бар.

Университеттің орналасқан жері – Түркістандай киелі қала, оның архитектурасы мен мәдени ортасы – студент өміріне тың серпін береді. Сонымен қатар, шет елдерден келетін студент-



Ел намысын қорғау — кез келген азаматтың мандайына бұйыра бермейтін үлкен жауапкершілік. Бұл – табандылық пен тыныымсыз енбектің нәтижесі. Осындай биік деңгейде ел намысын абыроимен қорғап жүрген жастардың бірі – университетіміздің Спорт және өнер факультетінің 3-курс студенті Бақтияр Анарбаев.

Жуырда университетіміздің мақтанышы Шри-Ланка астанасы Коломбо қаласында бокстан өткен халықаралық жарыста Азия чемпионы атанып, еліміздің көк Түнін көkte желбіретіп, Әнұранымызды асқақтатты. Бұл – оның Азия чемпионатындағы үшінші жеңісі. Университетіміздің студенті ел мерейін асырып, халықаралық аренада үлкен жетістікке қол жеткізді. Бақтиярдай дарынды үл, патриот перзенттер мақтанышымыз емес пе?

Біз чемпионмен арнайы сұхбаттасып, жеңіс жолындағы қыындықтар мен жетістіктер жайлы біліп қайттық.

АЗИЯНЫ БАҒЫНДЫРҒАН БАҢАДҮР!

– Бақтияр, Азия чемпионы атанған сәттегі эмоцияңыз қалай болды?

– Эрине, жеңіске жеткен кезде ерекше қуандым. Үшінші рет Азия чемпионы атанып отырмын. Бұл жолы Шри-Ланка елінде, Коломбо қаласында көк туымызды желбіретіп, Әнұранымызды шырқаттым. Бұл – мен үшін үлкен мәртебе әрі мақтаныш сезімін тудырды.

– Бұл додаға дайындық қалай етті? Ең қыын сәттер туралы сыр бөліссеніз?

– Жарыс жолында көп тер тектім, енбектенгенімді жасырмаймын. Жатығу кезінде барымды салып, соңына дейін шыдадым. Кей сәттерде ете ауыр болды. Бірақ алға қойған мақсаттарыма адап болуым керек деп табандылық таныттым,

– Иә, данышпан Абай: «... Өзіңе сен, өзінді алып шығар, ақылың мен еңбегің алып шығар» деуші еді ғой. Спортта сенімнің маңызы қандай?

– Иә, сенім ең бастысы ғой. Мен өзіме, бапкерлеріме сендім. Сол сенім мені осындай үлкен мақсаттарға жетелеп, биік белестерді бағындыруға, жеңіс тұғырынан көрінуге ықпал етті.

– Сен үшін мотивация көзі не?

– Мен үшін ең үлкен мотивация – мен жарыстарда жүргенде үйде жанқүйер болып менің тілеуімді тілеп отырған ата-анам. Олар маған сеніп, үміт артады. Сол үміт-



ті ақтау үшін бар күшімді саламын.

– Спорттан тыс қандай ел біле бермейтін қырларыңыз, «құпия таланттыңыз» бар?

– Ас әзірлеуді жақсы көремін. Сонымен қатар, бизнеске де жақынмын. Болашақта осы бағытта да өзімді сынап көргім келеді.

– Университет студентісіз. Ұдайы дайындық, сыртта өтетін жарыстарда жүресіз. Оқы мен спортты қатар алып жүру қыын емес пе?

– Иә, күндізгі бөлімде оқытын студент үшін спорт пен оқуды қатар алып жүру сәл қыындау, әрине. Әрқайсысының өз талабы бар. Бірақ, университет әкімшілігі, деканат маған жеңілдік жасап, сессияларымды ыңғайлы уақытқа ауыстырып беріп жатыр. Сол үшін де, түсіністік танытқандары үшін

алғысым шексіз.

– Қандай үстаздарыңды ерекше атап өтер едіңіз?

– Өзімнің жеке бапкерлерім Рахматулла Шерметов, Мырзагали Айтжанов ағайларыма алғысым шексіз. Олар өрдайым демеп, бағыт беріп келеді.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Алдағы жоспарларым әзірге құпия болып қала берсінши. Көп мақтанып қоймадық па? (Кейіпкеріміз жылы жымып қойды).

– Бақтияр, сенің алдағы уақытта да биік белестерден көріне беретініне сенімдіміз. Табыс тілейміз!

Дидар Нұржанбай,
3-курс студенті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті, талантты жас спортшы Шұғыла Нәлібай Шри-Ланкада өткен 22 жасқа дейінгі жастар арасындағы Азия чемпионатында ел намысын абыраймен қорғады. 75 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Шұғыла финалдық кездесуде шеберлігі мен мықтылығын толық дәлелдеді.

Ол шешуші жекпе-жекте Шри-Ланка өкілі Мудианселадже Нарасинханы небәрі бірінші раундта-ақ техникалық нокаутпен үтып, Азия чемпионы атанады. Қарсыласының ешқандай қарсылық көрсете алмауы Шұғыланың дайындық деңгейі мен спорттық шеберлігінің айқын дәлелі болды. Жекпе-жекті жүргізген төреші қарсылас денсаулығын сақтай отырып, кездесуді уақытынан бұрын тоқтатты. Біз чемпионмен арнайы сұхбаттастық.

Шұғыла Нәлібай:

“Бұл – тек бастамасы, алда әлі талай белес бар»



– Шұғыла, құттықтайдыз! Финалдағы жеңісінізді бір ауыз сөзбен сипаттасаңыз, ол қандай болар еді?

– Рақмет! Бұл – мақсат. Мен осы сәтке жету үшін ұзақ еңбек еттім.

– Техникалық нокаутпен жеңіске жету – ерекше әсер сыйлайды. Сол сәттегі эмоцияның қандай болды?

– Бәрі аяқталған сәтте «Болды ма, чемпион болым ба?» деген қуанышты әрі сенімсіздеу сезімдер болды. Эмоцияны сөзбен жеткізу қыын...

– Бұл жеңіс сіз үшін нені білдіреді? Бұл мансабыңызыңдағы ең маңызды алтын ба?

– Жоқ, бұл – тек бастама. Мен ендіғана жолымды бастап жатырмын. Алда әлі көп еңбек, көп жарыс күтіп тұр.

– Жарысқа дайындық қалай етті? Қандай қыындықтар болды?

– Дайындық жақсы етті. Эрине, кез келген дайындықтың өзіне тән қыындығы болады. Бірақ біз бәрін еңсердік.

– Спорт пен оқу арасындағы тепе-тендікті қалай сақтайсыз?

– Бұл сәл қыын. Кейде сабактарға үлгермей жатамын. Бірақ тырысып жүрмін. Тәлімгерім мен группалас достарым әрдайым көмектеседі, қолдана көрсетеді.

– Алдағы мақсаттарыңыз қандай? Келесі жарысқа дайындық басталып кетті ме?

– Алдағы мақсат – әлем чемпионана-



ты мен Олимпиада. Қазір жарыстап келіп, үш күн демалып жатырмыз. Жаңа дайындыққа кірісеміз.

– Сізге шабыт беретін, үлгі тұтатын боксшылар бар ма?

– Ашық айтсам, ондай нақты бір адам жоқ. Мен езім сондай үлгі боларлықтай спортшы болғым келеді.

– Болашақ боксшыларға, жас буын спортшы қыздарға айтар кеңесініз қандай болар еді?

– Жалпы айтсам – тәртіп. Кім не істесе де, қандай спортпен шұғылданса алдымен тәртіп керек. Бауыржан Момышұлы атамыз: «Тәртіпке бағынған ел – құл болмайды» деп бір ауыз сөзбен түйіндеғен. Темірдей тәртіп бізді биіктерді бағындырып, жеңіске жетелейді. Білім-ғылымда, технологияда жетістікке жеткен Жапония,

Қытай секілді алып мемлекеттер де темірдей тәртіп орнатуының арқасында озық елдерге айналып отыр емес пе? Тәртіп, жүйелі мақсат пен жігерлі еңбек, сенім бізді арманымыздың ақиқатқа айналуына кепіл болады деп ойлаймын.

P.S. Шұғыла Нәлібай – тек рингтеға емес, өмірде де өз мақсатына берік, табанды тұлға. Оның бойындағы еңбеккөрлік, тәртіп пен қарапайымдылық қазіргі жастарға үлгі бола алады. Университет қабырғасында жүріп-ақ халықаралық аренада еліміздің көк байрағын желбіреткен Шұғыланың жеңісі – білім мен спорттың қатар алып жүрген жастар үшін үлкен мотивация.

**Еңлік Мақсат,
3-курс студенті.**

РУХАНИ КЕМЕЛДІККЕ БАСТАР ЖОЛ

Университеттің рухани және мәдени дамуына ерекше көніл бөлінеді. Осы ретте 2013 жылдан бастап университеттің ғылыми кітапханасынан «Руханият» кітап клубы ашылған болатын.

Бұл клубтың басты мақсаты – студенттерді кітап оқуға ынталандыру, рухани құндылықтарды насиҳаттау және тарихи мұралармен таныстыру. Осылайша, «Руханият» кітап талдау клубы – рухани кемелденуге үмтүлған жандардың басын қосатын, оқуға деген сүйіспеншілікті арттыратын және саналы қоғам қалыптастыруға үлес қосатын маңызды мәдени-ағартушылық бастама. «Руханият» атты әдеби клуб – кітапсүйер жастандардың еркін ортасы. Мұнда әртүрлі жанрдағы шығармалар талданып, қатысушылар өз көзқарасын ашық білдіреді. Клубқа 30 студент қатысады, әр факультетден оқушылар

келіп оқыған кітаптарын талқылады. Бұл кітап клубын ашуға үлесін қосқан кітапханашы Шолпан Қуанышбаева. Шолпан апайдың айтуынша: Ол 2002 жылдан бері кітапханада кітапханашы болып жұмыс істеп келе жатыр екен. Яғни 23 жылдың көлеміндегі бұл «Руханият» клубы, кітапханада түрлі іс-шаралардың өтуіне үйіткі болып келеді. Клуб қашама белгілі қоғам қайраткерлері және мерзімде күндер мен даталы мерекелерге арнап іс-шара үйімдастырып келеді. «Осы жылы клуб мушелері кітап оқуды насиҳаттап, жастандардың рухани дамуына үлес қосып әдеби шығармаларға жүйелі түрде талдау жасаймыз деп алдымызға мақсат қойдық. Ал міндеттіміз жастандарды жүйелі түрде кітап оқуға баулу, әр аптада бір кітап оқып талқылап ой бөлісу, әдеби, шығармашылық кештерді үйімдастыру. Бұл тәжірибе олардың рухани бай-

лығын арттырып, тарихи санастың нығайтуға септігін тигізеді», дейді ол.

«Руханият» клубында студенттер тек білім алып қана қоймайды, олар қайырымдылықпен де айналысады, көптеген рухани ісшаралар жасап келеді, «Таза -Қазақстан» акцияларына белсene қатысып, сенбіліктеріне шығып тұрады.

Университеттің – білім мен ғылымның ошағы, мұнда студенттер мен оқытушылардың рухани және мәдени дамуына зор көніл бөлінеді. Университеттің «Руханият» кітап клубы – осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі. Клубтың жұмысы әртүрлі форматта үйімдастырылады. Апталық немесе ай сайынғы кездесулер болып отырады

Насиба Хасанқызы,
3-курс студенті.

МЕДИЦИНА – МІНДЕТ ПЕ, МИССИЯ МА?

Медицина – жай ғана мамандық емес. Бұл жүректен шығатын жауапкершілік. Бұл таңдау адам бір күнде ойланып, ертесіне бастап кете салатын жол емес. Бұл – білім мен тәжірибелің тоғысқан, іріктелген нәтижесі.

Ләйла Тасқызы Алимбекова – медицина ғылымдағы кандидаты, доцент, ұстаз, адам жаңының шипагері. Ол кісінің айтуынша: ғылыми бағытқа бетбұрыс деген бүгін ойланып ертесіне оны бастай салатын нәрсе емес, оны таразылайды оған білімнің жетуі және тәжірибелің болуы өте маңызды. Сондықтан алдымда түрған ұстаздардан, ғалымдардан алған білімін өте көп. Жастанарға айттар бір көнестім: білім, жігер бар болса – ғылыммен айналысуга есік ашық. Ештегенден қорықпай, әрекет ету керек. Себебі бүгінгі түлек – ертеңгі ғалым, дейді.

Сіз үшін медицина міндет пе, миссия ма? деген жалқы сұрақ қойғанбыз үстазға.

Медицина маманы ретінде адамға үміт сыйлау – міндет. Бірақ тек көсіби емес, адам ретінде де

қиналған жанға демеу болу – адамзаттың парызы. Өйткені бүгін біреудің басына түскен ауыртпалық, ертең өзіміздің де есігімізді қағуы мүмкін-деді.

Ал миссияға келетін болсақ мен кез келген адамға заңсыз көмектесе алмаймын. Сол үшін ол адамның барынша түп санастың өзгертуге тырысамын. Былай қарап тұрсаныз мен ол адамның қатесін дұрыстап, санастың өзгертуге тырыстым. Сондықтан бұл мен үшін миссия, дейді Ләйла Тасқызы.

Міне, медицина осындаі. Бұл – дипломмен өлшенбейтін, жан-жүрекпен сезіліп өлшенетін салмақты сала. Бұл – міндет қана емес, бұл – миссия. Кез келген дәрігер – өмір мен өлім арасындағы көпір, адам жаңының арашасы. Ол тек аурумен емес, адамның сенімімен де жұмыс істейді. Сондықтан да медицина – тек мамандық емес, үлкен ілім. Өмір соқпағы. Бұл – жүрекпен атқарылатын қасиетті парыз, міндетті іс.

Жұлдызай Қыдырәлі,
3-курс студенті.

Ясайи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРИНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясайи атындағы
Халықаралық қазақ-туркік университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқуғимаралы 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassaui@mail.ru

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фототілші:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және көрі кайта-

рылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 комьютерліп беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, макалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын билдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою
туралы

№11180-Г күелікті 2010
жылы 4 қазанда Казақстан
Республикасының Байланыс
және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қантарынан бастап
«Ясайи университеті» газеті
электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.